

Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылдың 9 тамыздағы N 204 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" қаулысын жүзеге асыру туралы қаулысы

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты XIX сессиясының 2002 жылғы 29 тамыздағы №234-II шешімі. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 12 қыркүйекте N 1120 тіркелді

Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылдың 9 тамызындағы N 204 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы қаулысы негізінде II сайланған Атырау облыстық Мәслихатының XIX сессиясы шешім етті:

1. "Мүгедектерді оңалтудың 2000-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы туралы" бекітілсін (жалғанды).

2. Аталған бағдарламаның жүзеге асуын қадағалау қала, аудан әкімдеріне, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына (С.М.Қайрешев) жүктелсін.

Облыстық Мәслихат XIX сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихат хатшысы

Атырау облыстық әкімиятының қаулысы
2002 жылғы 9 тамыз N 204

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қаулысын жүзеге асыру туралы

Мүгедектердің жоғалтқан қарекетінің орнын толтыру, тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке қабілетін қалпына келтіру және олардың қоғамға мейлінше толығырақ араласуына жәрдемдесу үшін қабылдаған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы NN№1758 "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қаулысын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып, облыстық әкімияты қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы" (бұдан әрі - бағдарлама) мақұлдансын және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына ұсынылсын.

2. Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, тиісті облыстық басқармалар басшылары:

1) бағдарламаны орындауға бағытталған қажетті шаралар қабылдасын;

2) бағдарламаны іске асыру бағытында және ұйымдастыруда мониторинг өткізсін;

3) бағдарламаның орындалу барысы туралы облыс әкімінің аппаратына 2002 жылдың 20 желтоқсанына, ал 2003 жылдан бастап жылына екі рет - 10 қаңтарға және 10 шілдеге ақпарат беріп отырсын.

3. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы (Қайрешев С.М.) бағдарламаның орындалуын бақылау тетігін жасасын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.В.Супрунға жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыстық әкімдігінің 2002 жылғы
9 тамыздағы 204 қаулысымен

бекітілген

Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасы

1. Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасының төлқұжаты

Бағдарламаның атауы	Мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы	2002-2005 жылдарға арналған облыстық
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы №1758 қаулысымен бекітілген "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы"	
Бағдарламаның бастамашысы	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы	
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	Бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттері мүгедектерді оңалту жүйесін құру, олардың қоғамға жан-жақты араласуына мүмкіндіктер туғызу, тәуелсіз тұрмыс салтын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, мүгедектік деңгейін азайту болып табылады.	
Негізгі орындаушылар	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау; білім; мәдениет; денсаулық сақтау; туризм және спорт; сәулет және қала құрылысы саясаты; мұнайгаз кешені, сыртқы экономикалық байланыстар және инвестициялық саясат басқармалары. Облыстық құрылыс және тұрғын үй шаруашылығы департаменті, "Атырау-ақпарат" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. Облыстық телерадиокомпаниясы, "Облыстық мүгедектерді оңалту Орталығы" мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы. Облыстық ішкі істер басқармасының жол инспекциясы басқармасы. Атырау қаласы мен аудандар әкімдері. Қазақстан республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Атырау облысы бойынша департаменті.	
Бағдарламаның негізгі іс-шаралары	Бағдарламада мүгедектерді әлеуметтік, кәсіби, медициналық оңалту, оңалту мекемелерінің желілерін дамыту мен олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, мүгедектерге протез-ортопедиялық көмек көрсету және оларды оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету, мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін кедергісіз пайдалану	

мүмкіндігін жасау, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінде мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлерді даярлау мен біліктілігін арттыру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шараларын жүзеге асыруды көздейді.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі	Мүгедектерді оңалтудың облыстық бағдарламасы 2002-2005 жылдарға арналып жасалған.
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да қаржы көздерінен жүзеге асырылады. Бағдарламаны 2002 жылдан 2005 жылға дейінгі барлық жүзеге асыру кезеңінде қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттен 127,4 млн. теңге қажет болады.
Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер	Бағдарламаның іске асырылуы - оңалту іс-шараларының көлемін ұлғайтуға, мүгедектердің жеке мұқтаждарын ескере отырып, оларды техникалық құралдармен қамтамасыз етуге, олардың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметінде қабілетін қалпына келтіруге, конституциялық құқықтарын толық көлемінде іске асыруға және қоғамға араласуын тездетуге мүмкіндік береді.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларында мүгедектерді әлеуметтік қолдау мен қорғауға, экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда олардың тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуіне кепілдік берілген.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау шараларының бірі - ағзаның бұзылған немесе жоғалған қарекетін, өзіне-өзі қызмет ету, кәсіби қызметтің әр түріне қабілетін қалпына келтіруге және орнын толтыруға бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенінен тұратын оңалту болып табылады. Мұның қатарында, сондай-ақ мүгедектердің толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін, әрі олардың құқықтары мен әлеуметтік мүмкіндіктерін іске асыруын қамтамасыз ететін іс-шаралары бар.

Мүгедектерді оңалтудың облыстық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 қаулысымен бекітілген мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

3. Облыстағы мүгедектіліктің жай-күйін талдау

Облыста барлық санаттағы 11077 мүгедектер тұрады, оның 6150-і - әйелдер, 1628-і - 16 жасқа толмаған балалар, 1614-і - бала кезінен мүгедектер, қалғаны - басқа санаттағы мүгедектер. Мүгедектіліктің алға қарай осылай көбеюі дені сау халықтың өсімінің азаюына және облыстың еңбек ресурстарының саны мен сапасының құлдырауына соқтыруы мүмкін.

1999-2001 жылдардағы бастапқы мүгедектік көрсеткіштері

Көрсеткіштер				1999	2000	2001
				жыл	жыл	жыл
Ересек адамдар арасында алғаш рет мүгедек деп танылғандар,				1170	1023	979
оның ішінде әйелдер				443	395	388
Алғаш рет мүгедек деп танылған адамдардың ішінде:						
қалалық жерде тұратындар,				748	632	649
оның ішінде еңбекке жарамды жастағылар				662	576	588
Ауылда тұратындар,				422	391	330
оның ішінде еңбекке жарамды жастағылар				397	364	312
Алғаш рет мүгедек деп танылғандардың ішінде жұмыс істейтіндер	284	239	267			

Төменде мүгедектік топтары бойынша бастапқы мүгедек болып танылғандар саны туралы мәлімет келтірілді:

Мүгедектік тобы	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл
Бірінші	78	63	64
Екінші	622	533	474
Үшінші	470	427	441

Мүгедектіктің негізгі себептері:			
Мүгедектік себептері	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл
Жалпы аурудан	991	863	913
Еңбек жарақатынан	12	10	22
Кәсіби аурудан	-	-	-
Бала кезінен бергі мүгедектік	158	144	25

Бастапқы мүгедектік құрылымында бірінші орында - қан айналымы органдары сырқатынан мүгедектік - 19,9 пайыз, екінші орында - зиянды ісіктерден мүгедектік - 14,7 пайыз, үшінші орында - психиканың бұзылуынан - 10,9 пайыз және төртінші орында - барлық жарақаттар әсерінен - 10,4 пайыз.

Еңбекке жарамды адамдар арасындағы мүгедектіктің көбеюіне әлеуметтік және экономикалық факторлар, жұмыссыздық, медициналық қызметтер құнының жоғары болуы әсер етеді.

Мүгедектіктің көбеюімен бірге мүгедек балалардың және олардың отбасыларының әлеуметтік проблемалары да күрделене түсуде. Осындай отбасыларының және мүгедек балалардың жағдайын өзгерту үшін халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, ақпарат органдарының ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктірген жөн.

Жалпы білім беретін мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ мүгедек балалардың

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысы бойынша 235 мүгедек бала тәрбие мен білімді үйлерінде алуда. Оқытуға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін оларға ай сайын жәрдемақы төленеді. Оның орташа мөлшері - 1 8 6 0 т е ң г е .

Денсаулық жағдайын есепке ала отырып жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген I және II топтағы мүгедектердің өз отбасыларының тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналасуға мүмкіндіктері бола бермейді.

Мүгедектер бұған дейін еңбек етіп келген бірқатар кәсіпорындар жабылып қалды немесе өндірісін тоқтатты. Олар үшін жаңа жұмыс орындары ашыла бермейді. Кәсіпорын басшылары дені сау, еңбекке жарамды адамдардың тарапынан ұсыныс көп түсетіндіктен, түрлі сылтаулармен жұмыс істеп жүрген мүгедектерді қысқартуда.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін қолайлы орындардың жүйелі есебі жүргізілмейді. Оларға бос орындар өте сирек беріледі. Осыған байланысты, мүгедектер үшін жұмыс орындарын есепке алуды ұйымдастыру түріндегі жұмыс орындары банкін қ ұ р у қ а ж е т .

Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің арнаулы кәсіпорындары өздерінің өнімдерін мемлекеттік сатып алудың тоқтатылуынан олардың жағдайы қиындап кетті. Олар рынокта халық тұтынатын тауарлардың тым көбеюінен бәсекелестікке де ж а р а м а й қ а л д ы .

Мүгедектерді әлеуметтік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңына, 1997 жылғы 16 маусымдағы "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Заңына, басқа да заңнамалық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Облыстағы барлық мүгедектер мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы алады.

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар өз құзыреті шегінде тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен:

тұтыну бағасы индексінің өсуіне сәйкес мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қ о с ы м ш а а қ ы ;

бөгде адамның көмегіне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерді күту үшін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша үстеме ақы; санаторийлық-курорттық емдеу жеңілдіктерін белгілейді.

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен мүгедектердің ерекше талаптарын қанағаттандыруға және олардың тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған басқа да шешімдерді қабылдайды.

Облыс орталығында облыстық қарттар мен мүгедектерге арналған 150 орындық

интернат-үйі, ойлау қабілеті төмен балаларға арналған 210 орындық интернат-үйі, белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған 50 орындық әлеуметтік бейімдеу орталығы және Махамбет ауданының аумағында Сарайшық психиатриялық жүйке ауруларының 200 орындық интернаты жұмыс істейді. Соңғы мекемедегі адамдардың саны олардағы орындардың санынан әлдеқайда артық, яғни 212. Оған қосымша 32 адам кезекте тұр.

Өткен жылы Алматы протез-ортопедиялық Орталығының Орал бөлімшесі облыстың 140 мүгедегінен протезге тапсырыс қабылдады. 110 мүгедек сурдотехникамен, 102 - тифлотехникамен қамтамасыз етілді.

2002 жылдың қаңтар айында "Шеврон Мұнай Инк" компаниясының демеушілік қаржысына алынған 30 кресло-күйме, 100 балдақ және 50 таяқ мұқтаж мүгедектерге тегін берілді. Сондай-ақ, облыс бюджетінен бөлінген қаржыға сатып алынған 46 кресло - күйме тегін бөлінді.

Қазіргі заман талабына сай келетін протез-ортопедия құралдарымен мүгедектерді мейлінше толығырақ қамтамасыз ету мақсатында Атырау қаласында протез-ортопедия шеберханасын ашу көзделіп отыр. 2000-2001 жылдары облыс әкімінің шешімімен Ұлы Отан соғысының 117 мүгедегі жеңіл автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Алайда, "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңының 36-бабының мүгедектерге техникалық немесе өзге де құралдар беруге қатысты бөлігі толық көлемінде орындалмай келеді.

Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңының мүгедектердің тұрғын үйлерге және өзге де әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуді көздейтін 8-бабы да жүзеге асырылмай отыр. Бұл бірінші кезекте, ғимараттардың есігіне қойылатын пандустарға және көшедегі жол тоғыстарына қ а т ы с т ы .

Мүгедектердің демалысымен және спортпен айналысуын ұйымдастыру бойынша оларды нақты кепілдіктермен қамтамасыз ету жөніндегі проблемаларды шешуді, аталған бағытта мүгедектермен жұмыс істейтін кадрларды даярлау тәртібі мен шарттарын анықтауды нормативтік тәртіпте жүргізген жөн.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Мүгедектерді оңалту жүйесін құру, олардың қоғамға жан-жақты араласуына мүмкіндіктер туғызу, кіріптарсыз тұрмыс салтын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, мүгедектік деңгейін төмендету - Бағдарламаның негізгі мақсаты.

Бағдарламаның міндеттері мыналар болып табылады:

мүгедектіктің төмендеуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

мүгедектерге оңалту және басқа да техникалық құралдар мен әлеуметтік, кәсіби және медициналық оңалту бойынша қызметтердің кепілді тізбесін беруден тұратын мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларын әзірлеуді және жүзеге асыруды қ а м т а м а с ы з е т у ;

мүгедектерді кешенді оңалтуды жүзеге асыру үшін оңалту мекемелерінің жүйелерін дамыту мен олардың материалдық базасын нығайту жөніндегі практикалық іс-шараларды қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау, білім, халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт жүйесінде мүгедектерге арналған іс-шаралар мен қызмет көрсетілім тізбесін және ауқымын кеңейту;

білім, еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт ұйымдарының мүгедектерді оңалту мәселелері жөніндегі жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру;

мүгедектерге өздерінің шығармашылық қабілетін пайдалануға, хореография, музыка, әдебиет, театр, сурет, мүсіндеумен, өнердің басқа да түрлерімен айналысуға мүмкіндіктер беру мақсатында кәсіби даярлықты қамтитын іс-шараларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік-экономикалық шараларды жүзеге асыру жолымен жұмыспен қамту саласында мүгедектерді қосымша кепілдіктермен қамтамасыз ету;

мүгедектердің кедергісіз жүріп-тұруына және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіруіне жәрдемдесу жөнінде іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету;

мүгедектердің сұранысын ескере отырып, оңалтудың техникалық құралдарымен, сондай-ақ сурдоаударма бойынша қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

мүгедектерді әлеуметтік, кәсіби және медициналық оңалту мәселелері бойынша мамандарды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

оңалту жүйесін құқықтық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асырудың тетігі

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелерін реттеу, оларға қоғамға жан-жақты араласуы үшін мүмкіндіктер беру, кіріптарсыз тұрмыс салты үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.

2. Ағзаның жетілуіндегі бұзылушылықтарды ерте анықтаудың тиімділігін арттыру: әйелдер босанатын және амбулаториялық-емханалық ұйымдардағы "қатерлі" топтағы балаларды ерте анықтау және оларды психологиялық-медициналық консультацияларға жіберу;

мүгедектіктің алдын алу мақсатында оның басталуы және көбеюі себептерін тексеру бойынша зерттеулер ұйымдастыру.

3. Мүгедектерді кешенді оңалтудың жүйесін құру: мүгедектерді, оның ішінде мүгедек балаларды медициналық, әлеуметтік, кәсіби оңалтуды жетілдіру және оңалтудың барлық бағыттарын үйлестіру; мүгедектердің санаторийлық-курорттық сауықтырылуын ұйымдастыру; мүгедектердің өмірін жеңілдететін оңалту техникалық құралдарымен, оңалту

жабдықтарымен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;
оңалту мекемелерінің желісін дамыту және олардың материалдық-техникалық
б а з а с ы н н ы ғ а й т у ;

мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге, мүгедек балаларға арналған
арнайы түзеу ұйымдары арқылы білім беру жүйесін сақтау және кеңейту;
мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасын
іске асыру бағытында өткізілетін шаралар туралы хабарларды "Арна" ақпараттық
б а ғ д а р л а м а с ы а р қ ы л ы б е р у ;

мүгедектерді жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту мүгедектерді
қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтау, кәсіптік даярлау арқылы
жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне шығу мүмкіндігін
қ а м т а м а с ы з е т у .

4. Мүгедектерді белсенді өмір салтына тарту:

мүгедектердің спорт жарыстарына, фестивальдарға, көркемөнерпаздар үйірмелеріне
, сурет және басқа да шығармашылық конкурстарына қатысуға жағдай жасау.

5. Халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру салаларында
мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын мекемелер қызметкерлерінің
б і л і к т і л і г і н а р т т ы р у .

6. Мүгедектерді оңалту проблемалары бойынша практикалық конференциялар мен
семинарлар ұйымдастыру.

6. Бағдарламаны іске асырудың қаржылық қамтамасыз етілуі

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты,
Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері
е с е б і н е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Бағдарламаны 2002 жылдан 2005 жылға дейінгі барлық кезеңіне іске асыруды
қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттен 127,4 млн. теңге қажет болады.

Облыстық бюджеттің жыл сайынғы орташа шығыны: 2002 жылы - 28,7 млн. теңгені
, 2003 жылы - 32,7 млн.теңгені, 2004 жылы - 32,9 млн.теңгені және 2005 жылы - 33,1
м л н . т е ң г е н і қ ұ р а й д ы .

Бағдарлама іс-шараларын іске асыру үшін қажетті жергілікті және республикалық
бюджет қаражаттарының көлемі тиісті жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу
және қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру - оңалту іс-шараларының көлемін ұлғайтуға,
мүгедектердің жеке мұқтаждарын ескере отырып, оларды техникалық құралдармен
қамтамасыз етуге, олардың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметтегі қабілетін қалпына
келтіруге, конституциялық құқықтарын толық көлемінде іске асыруға және қоғамға
араласуын тездетуге мүмкіндік береді.

2005 Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған облыстық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с	Іс-шаралар	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Аяқталу
н	ы	с	а	н
ы	н	ы		ы
1	2	3	4	5
				Әлеуметтік оңалту
1.	Жергілікті атқарушы органдар жанынан мүгедектер істері жөніндегі кеңестер құру.	Облыс әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімі	3-тоқсан 2003 ж.	Облыстық әкімдігінің қаулысы
2.	Атырау қаласында облыс мүгедектері үшін протездік-ортопедиялық шеберхана ашу.	Облыстық қамту және әлеуметтік (ХӘҚ) басқармасы	еңбек, жұмыспен 2002-2003 жж.	Облыс әкімінің шешімі
3.	Мүгедектерді ортопедиялық аяқ киімдермен, ортопедиялық аппараттармен, корсеттермен және басқа да протездік-ортопедиялық бұйымдарымен (ПОБ) қамтамасыз ету және ПОБ жөндеуді іске асыру.	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармасы	2002-2005 жж.	Облыс әкімі аппаратына жыл сайын 10.01.-ға
4.	Мүгедектерді техникалық құралдармен, әртүрлі модификациядағы кресло-күймелермен қамтамасыз ету.	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармасы	4-тоқсан 2002 ж., 2003 ж., 2004 ж., 2005 ж.	Облыс әкімі аппаратына жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
5.	Құлағы кеміс еститін мүгедектерді сурдотехникамен қамтамасыз ету.	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармасы	4-тоқсан 2002 ж., 2003 ж., 2004 ж., 2005 ж.	Облыс әкімі аппаратына жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
6.	Көзі көрмейтін мүгедектерді тифлотехникамен қамтамасыз ету.	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармасы	4-тоқсан 2002 ж., 2003 ж., 2004 ж., 2005 ж.	Облыс әкімі аппаратына жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
7.	Ғимараттарға кіру жолдары мен пандустар жасауды, мүгедектер	Облыстық сәулет және қала құрылысы	2002-	Облыс әкімі аппаратына

кресло-күймелері жүре алатын басқармасы, құрылыс 2005 жж. жыл сайын құрылғылармен қамтамасыз етіп, және тұрғын үй-коммуналдық 10.01.-ға тұрғын үй, қоғамдық және шаруашылығы департаменті, ақпарат беру өндірістік ғимараттарға, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы. Атырау қаласы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне мүгедектер кіре мен аудандар әкімдері, алатындай жағдай жасау. меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдар

б а с ш ы л а р ы

8. Медициналық мекемелерде Атырау қаласының 2002- Облыс әкімі мүгедектердің кіріп-шығуын әкімі және 2005 жж. аппаратына жеңілдету мақсатында әдейі облыстық денсаулық жыл сайын 10.01. пандус жолдарын жасау. сақтау басқармасы және 10.07.-ге

а қ п а р а т б е р у

9. Жобалар әзірлеуге, сондай-ақ Атырау қаласы мен 2002- Облыс әкімі ғимараттар, құрылыстар, жолдар, аудандар әкімдері, 2005 жж. аппаратына көлік, байланыс объектілерін жол полициясы жыл сайын 10.01. салуға, көлік және өзге де қызмет басқармасы, және 10.07.-ге көрсетілім түрлерін көрсетуге облыстық сәулет ақпарат беру мемлекеттік тапсырыстарды және қала орналастырған кезде мүгедектердің құрылысы саясаты әлеуметтік инфрақұрылымға басқармасы, облыстық кедергісіз кіруін қамтамасыз ету құрылыс және тұрғын қажеттігін конкурстық құжаттама үй-коммуналдық талаптарының бірі етіп белгілеу. шаруашылығы департаменті

10. 2002-2005 жылдарға арналған Облыстық еңбек, 4-тоқсан мүгедектерді оңалтудың облыстық жұмыспен қамту 2002 ж. Ақпараттық бағдарламасын іске асыру бағытында және ХӘҚ бағдарлама- өткізілетін іс-шаралар туралы басқармасы лардың теледидар арқылы ақпараттық- мен облыстық эфирге тақырыптық хабарлар ұйымдастыру. телерадиокомпаниясы шығуы

11. "Атырау" және "Прикаспийская "Атырау-ақпарат" 2002- Облыс әкімі коммуна" газеттері беттерінде коммуналдық 2005 жж. аппаратына облыстық бағдарламада көрсетілген мемлекеттік жыл сайын 10.01. шаралардың жүзеге асырылу барысы кәсіпорны және 10.07.-ге туралы материалдарды арнайы ақпарат беру

а й д а р л а р м е н ж а р и я л а у .

12. Ай сайын берілетін нормаға сәйкес Облыстық еңбек, 2002- Жыл сайын "Ақ Жайық" санаториында емделу үшін жұмыспен қамту 2005 10 қаңтарға

соғыс ардагерлері мен барлық топтағы мүгедектерді (бала кезінен мүгедектерден басқа) жолдамалармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау.	және ХӘҚ басқармасы	жж. мемлекеттік тапсырыстың орындалуы туралы есеп беру
13. Облыстың аз қамтылған мүгедектерін әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша облыс аумағындағы біріккен кәсіпорындармен, шетелдік компаниялармен, фирмалармен және отандық мекемелермен аз қамтылғандарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде ынтымақтастықта болу және оны кеңейте түсу.	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, облыстық мұнайгаз кешені, сыртқы экономикалық байланыстар мен инвестициялық саясат жөніндегі облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХҮҚ басқармасы	2002- Облыс әкімі аппаратына жж. жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
14. Мүгедектерді оңалтудың облыстық орталығы мемлекеттік мекемесінің мүгедектерді оңалтудағы ерекше маңызын ескеріп, оған жеке ғимарат салу жөнінде шаралар қабылдау және оның материалдық-техникалық базасын нығайту.	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармасы	2002- Облыс әкімі аппаратына жж. жыл сайын 10.01.-ға және 10.07.-ге ақпарат беру
15. Көркемөнерпаздар ұжымдарын интернат-үйлеріндегі қарттар мен мүгедектердің бос уақытын ұйымдастыру үшін қатыстыру.	Облыстық мәдениет басқармасы	2002- Облыс әкімі аппаратына жж. жыл сайын 10.01.-ға және 10.07.-ге ақпарат беру
16. Мүгедек балаларды белсенді өмір сүруге тарту мақсатында қалалық, аудандық және облыстық көркемөнерпаздар байқауын, суреттер, ұсақ-түйек заттар көрмелерін, басқа шығармашылық конкурстар түрлерін өткізу.	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, облыстық білім басқармасы	2002- Облыс әкімі аппаратына жж. жыл сайын 10.01.-ға және 10.07.-ге ақпарат беру
17. Мүгедек балалардың "Біз бәрін де жасай аламыз" атты облыстық фестивалдерін өткізу.	Облыстық білім беру басқармасы	2002- Облыс әкімі аппаратына жж. жыл сайын 10.01.-ға және 10.07.-ге ақпарат беру
18. Интернат-үйлерінде тұратын	Атырау қаласы мен	2002- Облыс әкімі

мүгедек балалар арасында спорт жарыстарын өткізу және оларды республикалық спартакиадаларға дайындау шараларын алу.	аудандар әкімдері, 2005 аппаратына облыстық білім және жж. жыл сайын еңбек, жұмыспен қамту 10.01.-ға және ХӘҚ басқармалары және 10.07.-ге ақпарат беру
19. Мүгедектердің шығармашылық жұмыстарының, мүгедектер ұйымдары шығаратын өнімдердің көрсетулерін өткізу.	Атырау қаласы 2002- Облыс әкімі мен аудандар 2005 аппаратына әкімдері жж. жыл сайын 10.01.-ға және 10.01.-ға ақпарат беру
20. Мүгедек балалар арасында "Спешиал Олимпикс Қазақстан" облыстық спартакиадасын өткізу.	Облыстық туризм 3-тоқсан Облыс әкімі және спорт 2002- аппаратына басқармасы 2005 жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
21. Мүгедектер арасында Республикалық спартакиадаға дайындық жүргізу.	Атырау қаласы 3-тоқсан Облыс әкімі мен аудандар 2002., аппаратына әкімдері, облыстық 2004 ж. 2005 ж.-ң туризм және спорт 10.12.-не басқармасы. ақпарат беру
22. Мүгедектер арасында облыстық спартакиада өткізу: - зағиб жандар арасында шахмат пен дойбыдан; - есту қабілеті нашар мүгедектер арасында стол теннисінен; - мүгедектер арасында волейболдан; - мүгедектер арасында кресло-күймеде отырып жарысудан.	Облыстық туризм 4-тоқсан Облыс әкімі және спорт 2002., аппаратына басқармасы 2005 ж. жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
23. Мүгедектер арасында кіші футболдан "Спешиал Олимпикс Қазақстан" республикалық турнирін өткізу.	Облыстық туризм 2002., Облыс әкімі және спорт 2005ж. аппаратына басқармасы жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
24. Мүгедек спортшылардың Параолимпиадалық ойындарға, спорттық фестивальдарға, мерекелерге және басқа да	Атырау қаласы 2002- Облыс әкімі мен аудандар 2005 жж. аппаратына әкімдері, жыл сайын облыстық туризм 10.01.-ға

халықаралық, республикалық спорт жарыстарына, арнаулы Олимпиадалық қатысуын	және спорт ойындарға қамтамасыз ету.	ақпарат беру басқармасы
25. Мүгедектерді дене шынықтыру және спорт құралдарымен оңалтуға арналған әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.	Облыстық туризм және спорт басқармасы, "Облыстық мүгедектерді сауықтыру орталығы" мемлекеттік мекемесі	2003 ж. Облыс әкімі аппаратына 2004 ж.-дың 10.01.-на ақпарат беру
26. Қазақстан Республикасының Параолимпиадалық ойындарына дайындық жүргізу.	Облыстық туризм және спорт басқармасы	2-тоқсан Облыс әкімі аппаратына 2002., 2004 ж. 2005 ж. 10.01.-ға ақпарат беру
27. Мүгедек спортшылар арасынан өтетін Республикалық спартакиадаларға қатысушыларды дайындау.	Облыстық туризм және спорт басқармасы	2-тоқсан Облыс әкімі аппаратына 2002., 2004 ж. жыл сайын 10.01.-ға ақпарат беру
28. "Мүгедектерді оңалту жөніндегі бағдарламаларды жоспарлау және іске асыру үшін мүгедектер туралы деректер банкін құру жөнінде нормативтік-әдістемелік ұсыныстар" жобасына ұсыныстар дайындау.	"Облыстық мүгедектерді сауықтыру орталығы" мемлекеттік мекемесі	3-тоқсан Еңбек, 2002 ж. жұмыспен қамту және ХӘҚ министрлігіне 2002 жылғы 10.10.-ға ақпарат беру
29. Мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасына сәйкес кәсіби бағдарлауды қамтамасыз ету.	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, облыстық білім және еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармалары	4-тоқсан Облыс әкімі аппаратына 2003 ж., 2004 ж., жыл сайын 2005 ж. 10.01.-ға ақпарат беру
30. Әрбір қалалық және аудандық емханаларда мүгедектерді емдеу және оңалту бөлімдерін	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, облыстық	2002-2003 жж. Облыс әкімі аппаратына жыл сайын

ұйымдастыру.	денсаулық сақтау басқармасы	10.01.-ға ақпарат беру
31. Кемтар балалар үшін білім берудің арнаулы ұйымдар желісін дамыту жөнінде шаралар қабылдау: аудан орталықтарында психологиялық-медициналық-педагогикалық түзеу кабинеттерін ашу.	Аудандар әкімдері, облыстық білім басқармасы	2002-2005 жж. Облыс әкімі аппаратына жыл сайын 10.07.-ге және 10.01.-ға ақпарат беру
32. Жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту, кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлау, жыл сайын мүгедектерді әлеуметтік қорғау шараларын анықтау арқылы қосымша жұмыс орындарын құру жолымен мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ басқармасы	2002-2005 жж. Облыс әкімі аппаратына 2003 ж.-дан бастап 10.07.-ге және 10.01.-ға ақпарат беру
33. Перзентханада және амбулаторлық-емханалық ұйымдарда "кәтерлі" топтағы балаларды ертерек анықтауды ұйымдастырып, мүмкіндіктері шектеулі және "кәтерлі" топтағы балаларды психологиялық-педагогикалық консультацияларға жіберу.	Облыстық денсаулық сақтау және облыстық білім басқармалары	Медициналық оңалту 4-тоқсан Облыс әкімі аппаратына 2002 ж., 2003 ж., 2004 ж., 2005 ж. жыл сайын 10.01.-ға және 10.07.-ге ақпарат беру
34. Мүгедек балаларды оңалтудың медициналық құрылымдар мен ұйымдар желісін дамыту: облыстық балалар ауруханасында 30 кереуеттік неврологиялық бөлімшені қалпына келтіру;	Атырау қаласының әкімі, облыстық денсаулық сақтау басқармасы	2003 ж. Облыс әкімі аппаратына ақпарат беру: 2004 жылғы 10.01.-ға
35. Мүгедектерге санаторийлық-курорттық сауықтыру бойынша жеңілдіктер беруді қамтамасыз ету.	Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және ХӘҚ, облыстық денсаулық сақтау басқармалары, Атырау қаласы мен аудандар әкімдері	2002-2005 жж. Облыстық Мәслихаттың шешімдері мен әкімдіктің қаулылары
36. "Балбұлақ" Республикалық балаларды оңалту орталығына жіберілген балалар мен аналарға	Облыстық денсаулық сақтау	2002-2005 жж. Облыс әкімі аппаратына жыл сайын

жол қаражатын облыс бюджетінен бөлу мүмкіндігін қарастыру. басқармасы және облыстық қаржы басқармасы 10.01-ға ақпарат беру

37. Халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінде мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыру. Кадрмен қамтамасыз ету Облыстық еңбек, 2002- Облыс әкімі жұмыспен қамту 2005 жж. аппаратына және ХӘҚ, облыстық жыл сайын денсаулық сақтау 10.01-ға және облыстық ақпарат беру білім басқармалары

38. Үйлерге барып әлеуметтік қызмет көрсететін бөлімшелер мен протез-ортопедиялық шеберхана қызметкерлерін қайта даярлауды ұйымдастыру. Атырау қаласы 2002 ж., Облыс әкімі мен аудандар 2003 ж., аппаратына әкімдері, 2004 ж., 2003 ж-дан облыстық еңбек, 2005 ж. бастап жұмыспен қамту жыл сайын және ХӘҚ басқармасы 10.01-ға ақпарат беру

39. Медициналық-әлеуметтік сараптау мен мүгедектерді оңалтудың маңызды мәселелері бойынша практикалық конференциялар өткізуді ұйымдастыру. Облыстық еңбек, 4 тоқсан Облыс әкімі жұмыспен қамту 2003 ж. аппаратына және ХӘҚ, облыстық 2004 жылғы денсаулық сақтау 10.01-ға басқармалары, еңбек ақпарат беру және халықты әлеуеттік қорғау Министрлігінің Атырау облысы бойынша департаменті

* 2002 жылы және одан кейінгі жылдары мүгедектерді оңалту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға көзделген шығыстар тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде түзетіліп отырылатын болады.